

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СТУДЕНТ ЖАСТАР БОЙЫНДА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Жарылкасынова Р.Б.,*

*Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының*

*«Бүгін – өзіне, арманы мен осы арманды  
жүзеге асыруға еркі бар адамдарға сенетін,  
дарынды, жігерлі адамдардың уақыты».*

*Н.Ә. Назарбаев*

Бұл мақаламды Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына сондай-ақ жастарға сөйлеген сөздерінен бастағым келіп отыр.

«Сендер Қазақстанның өз ғылымы мен технологиясын, өзіндік ұстанымын жасайтын ғылым иесі болуларың керек.

Кез-келген кәсіп иесі өз шаруасын тың тәсілмен, жаңа әдіспен істеуге ұмтылса ғана ешкім жетпеген табысқа жете алады.

Өзгелер салған сүрлеуге түсіп, бөтен іздің шаңын жұту Қазақстан жастарының таңдауы емес.

Сендер, тәуелсіз қазақ елінің білімді жастары, өз соқпақтарыңды салып, оны елді дамуға бастайтын даңғылға айналдыруға тиіссіңдер!

Ел болашағының баянды болмағы баста бұлықсыған білім мен қолда ойнаған еңбекке байланысты.

Елбасымыз өзінің кезекті кездесуінде, ХДП «Нұр Отан» басшысы Н.Ә. Назарбаев «Жас Отан» Жастар қанатының ІІ съезінде сөйлеген сөздерінен:

«Баршаларыңды «Жас Отанның» 2- съезінің ашылуымен құттықтаймын!

Жаңа ғана мінбеге шыққан жастар жалынды сөзбен жасампаз істің иесі екендіктерін танытты.

Сендер күллі Қазақстан жастарының атынан көшелі оймен өрелі пікір айттыңдар.

Сендердің тың бастамаларыңды мен әрқашан қолдаймын!

Ел азаматтарының 5 миллионға жуығы 14 пен 29-дың аралығындағы жастар.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап жастар мәселесі мемлекеттің ең басты назарында болды.

Бұл салада «Болашақ», «Жасыл Ел», «Жастар – Отанға», «Дипломмен ауылға», «Жастар тәжірибесі», «Жас мамандар қоры» сияқты көптеген мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып отыр.

«Жас Отанның» студенттік құрылыс отрядтары күллі ел жастары үшін шынайы отансүйгіштік пен жанқияр еңбектің үлгісіне айналды»

Елбасымыздың бұл сөздерінен аңғаратынымыз, жастарды қолдайтынын көрсетіп отыр. Патриоттық сезімін оятып, өз еліне деген сүйіспеншілігін арттырып, еліне деген құрметтің болуын қарастырып отыр /1; 128–156/.

Жастардың өнегелі және рухани дамуынсыз, өткен ұрпақтың әлеуметтік-мәдени тәжірибесін меңгеруінсіз, әлемдік өркейет жетістіктерінсіз, қазақстандық жас ұрпақтың бойында патриотизм, азаматтық және әлеуметтік жауапкершілік сияқты қасиеттерді қалыптастырмай, әлеуметтік бағытталған экономикасы бар демократиялық қоғамды құру мүмкін емес. Перспективада маңызды әлеуетті салмағы бар қоғамдық белсенді бұқара топтарының бірі қоғамда жүргізілетін әлеуметтік-саяси және экономикалық реформалардың қозғаушы күші болуға қабілетті студент жастар болып табылады.

Атап айтқанда, Қазақстан дамуының және көптеген міндеттердің шешілуінің, соның ішінде Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына кіру Стратегиясын іске асырудың қалай және қаншалықты сәтті болатыны көбінесе жастардың саяси еркіне, құндылықтарына, мұраттарына байланысты болады. Сондықтан қазіргі уақытта белсенді азаматтық

ұстанымды қалыптастыру проблемасы, жастардың өз болашағы және өз елінің болашағы үшін жауапкершілікті сезінуі айтарлықтай маңызды болады және патриоттық тәрбие беру проблемасымен тікелей байланысты. Өзінің сөйлеген сөздерінің бірінде Н.Ә. Назарбаев: «Көп ұлтты жастарды өздерін Қазақстанның тарихымен, алдыңғы ұрпақтың маңызды өмірлік құндылықтарымен теңестіруге үйрету керек, жастарға нақты өмірлік бағдарлар болу керек», – деп атап өткен.

Патриотизм ерекше маңызды рухани құндылықты білдіреді, өйткені қоғамның өзіндік ерекшелігін және дидарлы адамзат қауымдастығындағы өзгешелікті сақтап, оны біріктірудің, үйлестірудің негізі болып табылады. Бұл рухани құндылық оны тар, бір мағыналы түсінікке келтіруге болмайтынымен ерекшеленеді. Ол күрделі, көп қырлы, біртекті. Патриотизм – бұл туған елге деген махаббат, оның тарихы мен мәдениетіне үлкен құрмет көрсету, өз күшіне және қоғамның күштеріне сену. Бұл тарихқа бірге қатысушылықты жоғары сезіну және елдің болашағы үшін жауапкершілік. Сонымен, патриотизм – бұл идеология және психология, саясат және адамның Отанға ерекше, биік, шын берілген қатынасын білдіретін қызмет.

Қоғамдық дамуда дүниетанымның негізін, атап айтқанда Отанға үнделген идеяларды құрайтын, саяси және басқа көзқарастардың патриотизммен байланысы болған жағдайда ғана жеке басқа көзқарастардың патриотизммен байланысы болған жағдайда ғана жеке тұлға үшін маңызы болатын кезеңдері болады. Бұл – ұлттың сыналу, ұлттың қайта өрлеу, жаңа мемлекеттердің қалыптасу, олардың саяси өміріндегі өзгерісті кезеңдер дәуірлері, ұлттың сауығу дәуірлері.

Патриоттық сезім туа біткен сезім болып табылмайды, оны тәрбиелеу керек. Осыған байланысты қазақстандық патриотизм – ерекше құбылыс, өйткені әңгіме Қазақстанның көп ұлтты халқының көптеген халықтар үшін ортақ, бір Отанға қатынасы болып отыр.

Патриотизмге тәрбиелеу – көп жоспарлы процесс. Оған тарихи сананы, яғни елдің батырлық және қайғылы беттерін есепке алып қарастыру, елдің тарихына, мемлекеттік рәміздерге, заңдарға, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге құрметпен қарау кіреді.

Жоғары оқу орындарында патриоттық тәрбие басты орынға қойылып, студент-жастардың арасында ЖОО тарихына деген махаббат пен құрмет, онымен танысу патриоттық тәрбиенің құраушы бөлігі болып табылады.

Патриоттық тәрбие беру бойынша жұмыс тәжірибесін, сондай-ақ сауалнама нәтижелерін есепке алып, патриоттық тәрбие беруге септігін тигізетін тәрбиелеу моделіне бірнеше жағдай қарастырып өтуге болады. Және патриоттық тәрбие беруде өте тиімді екенін ескеріп өтуіміз жөн:

- конференциялар мен «дөңгелек үстелдер» өткізу;
- рефераттар мен ғылыми баяндамалар конкурстарын ұйымдастыру;
- диспуттар мен дискуссиялар ұйымдастыру;
- куратор сағаттарын өткізу;
- соғыс ардагерлерімен, құрметті партия және мемлекеттік құрылыс қайраткерлерімен кездесулер өткізу /2; 8/.

Шаралар өткізілген кезде оларға студенттердің белсеенді қатысу факторын есепке алу қажет, ол мәжбүрлі, ұйымдастырылған емес, жете ұғынған сипатты болуы тиіс. Кез-келген адам үшін оны дайындау мен өткізуге өзі тікелей қатысқан оқиғалардың аса маңызды болатыны белгілі.

Сондықтан мүмкіндігінше көп студенттердің бойында оқиғаға араласушылық ерекше эмоциялық сезімін қалыптастыра отырып, сәйкес шараларды ұйымдастыруға тарту қажет.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін жаппай көпшілік шараларымен шектелмей, жалпы университет шараларын факультет және топ шараларымен үйлестіруге акцент жасау керек. Бұл оларды әрбір студентке жақындатып, барынша тиімді етуге мүмкіндік береді.

Жалпы студенттермен де санаса отырып, олардың пікірі бойынша, патриотизм сезімін қалыптастыруда отбасы және білім беру институттары (мектептер, ЖОО) шешуші роль атқарады. Студенттердің көзқарасы бойынша патриоттық тәрбие берудің аса тиімді түрлері:

Отан тарихын аса терең зерделеу, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулер, саясат пен азаматтық проблемаларды талқылау бойынша конференциялар өткізу болып табылады.

Патриоттық тәрбие – жастармен жүріп жатқан қазіргі жұмыстардың басым бағыттарының бірі. Қазақстан қоғамында патриоттық тәрбие деген ұғым – Отанға деген, өзінің халқына деген махаббат, адалдық, азаматтық және қоғам игілігі үшін қызмет ету деген сияқты түсініктер ретінде қалыптасқан. Патриотизм – ұлттық санасының жалпы және ажырамас бөлігі ретінде қоғамның рухани – адамгершілік қаймағын жаңғырту үшін қызмет ете алады және тиіс те. Бұл мәселенің шешімін табу үшін тұлғаның патриоттық қасиеттерін қалыптастырудың шарттарын құру керек. Олардың негізі өлшемдері:

- өз Отаны, тарихы, мәдениеті, халқының салт-дәстүрлері, Қазақстан жерінде тұратын халықтардың мәдениеті туралы жүйелі білімдерінің қалыптасқандығы;
- облыс, қала, аудан сияқты өзінің кішкене отанының дамуына өз үлесін қосқандығы;
- азаматтың, қоғам мүшесі міндеттерін атқару барысында өз жауапкершілігін көрсете білгені.

Қоғам тұтастығы, ынтымақтастықтың таяу болашағы, елдің интеллектуалдық және еңбек әлеуетінің дамуы мен ұдайы өндірілуі және мемлекеттің нығаюы мен талпынысы тек осында ғана болғандықтан жас азаматтар мен өскелең ұрпақтың құрылуы үшін патриоттық тәрбиенің маңызы зор.

Тәрбие – үздіксіз процесс. Тек айына екі рет қана патриот болуға болмайды. Патриоттық тәрбиеге бірізділік тұрғысынан қарау, мысалы жасөспірімдер мен жастар өздерінің ұлы Отаны туралы тек білім алып, жан-жақты спорттық сияқты әр түрлі байқауларда сайысып қана қоймай, сондай-ақ қарым қатынас жасайтын, ғашық болатын, есейіп, нағыз патриотқа айналатын патриоттық бірлестіктер мен клубтарда неғұрлым айқын көрінуде.

Студент-жастарды патриоттық тәрбиеге тәрбиелеудің ерекшелігі – Қазақстан жастарын тәрбиелеу жүйесіндегі осы бағыттың орнын анықтайды. Бұл ерекшелікті білу, сондай-ақ тәрбиелеу жұмысының практикасында оны есепке ала білу білім жүйесінде патриоттық тәрбиені жүзеге асыруға және анық жоспарлауға мүмкіндік береді. Тәрбиелеуге кешенді тұрғыдан қарау принципімен қатар, келесілерді де есте сақтаған маңызды. Патриоттық тәрбие адамгершілік тәрбиесінің бір бөлімі бола тұра, рухани, саяси, азаматтық, эстетикалық және т.б. гуманитарлық тәрбиенің басқа да жақтарымен тығыз байланысты.

Сонымен бар күш жастардың әлеуметтік талаптарына, жасөспірімдер мен жастардың өздерінің керек екендіктерін, қоғам үшін бағалылығын түсінуге бағытталу керек, жастар шығармашылығы мен белсенділігіне деген әлеуметтік тапсырыс патриотизмнің құндылығын меңгеруге үлкен жағымды серпін береді, оның тиімділігін оқу, тәрбие, өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жетілдіру процестеріне ықпал етуін кенеттен арттырады.

Патриоттық тәрбиенің маңыздылығы олардың құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан қорғалған толық кепілдігімен азаматтардың құқықтары мен міндеттерін қамтамасыз ететін конституциялық еркіндік, экономикалық дамыған, әлеуметтік тұрақты өркениетті, демократиялық мемлекет құру бойынша болып жатқан процестер бірнеше маңызды сапалы жаңа міндеттерді жоғарылатқан жағдайда өседі.

Руханилылық, адамгершілік, толеранттылық базасында әлеуметтік қатынастар ұдайы өндірісінің мобилизация ресурсы ретінде таралудың көбеюі патриотизмге деген көзқарастың соңғы кездері әлеуметтік дамудың маңызды құндылығы ретінде табады. Патриоттық тәрбиені анықтайтын принциптер қатарына келесілерді жатқызуға болады:

- адамның патриоттық санасының әлеуметтік-мәдени детерминациясы;
- оның мінез-құлқының әлеуметтік құндылық жанамалылығы;
- ұрпақаралық рухани құндылық сабақтастығы;
- толеранттылық;
- әлеуметтік ұқсастылық;
- Отанын қорғауға дайындығы.

Патриоттық тәрбие – бұл азаматтарда жоғарғы патриоттық сананы қалыптастыру, Отанға деген берілгендік сезімі мен азаматтық парызын орындауға дайындығы және Отан мүдделерін қорғаудағы конституциялық міндеттері арқылы атқарушы билік жүйесінің саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, оқу орындары мен ғылыми ұжымдар, көпжоспарлы, жүйелі орындауға болатын мақсатты және үйлестірілген қызметі.

Ал патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- рухани-адамгершілік;
- әскери – патриоттық;
- еңбек дәстүрінде тәрбиелеу;
- саяси-құқықтық;
- кәсіби-қызметтік;
- тарихи білім;
- психологиялық дайындық.

Патриоттық тәрбие саласында студент – жастардың қоғамдық жұмыстарға араласуы, сондай-ақ саясатты жүзеге асырудың басым бағыттары ретінде мыналар анықталды:

1. Жастарда өз Отаны, өз туған жері, өз халқы үшін мақтаныш сезімі, Отанының болашағы үшін жауапкершілік, мемлекет рәміздеріне сыйластық сезімін қалыптастыруын жаңғырту.

2. Отан игілігі үшін, оны қорғау дайындығы.

3. Аймақтар, Отан, ұлттық мәдениет, күнделікті өмірден алынған еңбек дәстүрлері тарихымен тілдесу жолы арқылы патриоттық сезімдерді қалыптастыру.

4. Отан қорғаудың мәдени-тарихи дәстүрлеріне сүйену;

5. Жастардың әскери-патриоттық тәрбиесі, шақырудан бұрынғы дайындық.

Қазақстанның жоғарғы оқу орындарындағы студент жастардың патриоттық тәрбиесі мәселелері теориясының талдамасы негізінде Я.Н. Оспанова жастар ұйымы мен студенттік қоғамдық бірлестігіне студент жастар патриоттық тәрбиесінің тиімді факторы болуға мүмкіндік беретін ұйымдық-педагогикалық шарттар шықты. Ол шарттарға:

Жастар ұйымы мен Студенттік қоғамдық бірлестігінің әрбір мүшесінің өзін қайта қалыптастыру мен бекіту шарттарын құру;

Бірлестіктің патриоттық қызметіндегі іс-тәжірибені ұйымдастыру;

Жастар ұйымы мен Студенттік қоғамдық бірлестігінің моральдық-психологиялық климаты мен жағымды тұлғааралық қарым-қатынас қалыптастыру;

Жастар қарым-қатынас аясын кеңейту;

Жастар ұйымы мен Студенттік қоғамдық бірлестігінің көшбасшыларының «Тең теңдікке» әдістемесі бойынша, патриоттық тәрбиені жүзеге асыру мақсаты бойынша арнайы әлеуметтік – саяси дайындығы;

Жастар ұйымы мен Студенттік қоғамдық бірлестігінің мүшелерін өзіндік талдау әдістемесі бойынша оқыту;

Жоғарғы оқу орындарының әр түрлі жастар ұйымы мен студенттік қоғамдық бірлестігінің қызметінің координациясы жатады.

Я.Н. Оспанова Жастар ұйымы мен Студенттік қоғамдық бірлестігінің қызметі принциптерінің төмендегідей классификациясын ұсынады:

- 1) патриотизм принципі;
- 2) демократизм принципі;
- 3) толеранттылық принципі;
- 4) адамгершілік принципі;
- 5) руханилылық принципі;
- 6) дараландыру принципі;
- 7) еркін нарықтың өзіндік ерекшелігі сияқты тұлғаның бәсекеге қабілетті принципі;
- 8) вариациялық принцип;
- 9) ынтымақтастық принципі;

10) жастар ұйымы мен студенттік қоғамдық бірлестігінің мүшелерін әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан қорғау принципі;

11) қызметтегі романтика принципі.

Патриоттық тәрбие бойынша белсенді мынадай жастар ұйымдары мен бірлестіктері құрылды: «XXI ғасыр көшбасшысы Жастар Орталығы» Республикалық Қоғамдық Ұйым (РҚҰ), «Қазақстан Альянс студенттері» Қоғамдық Ұйымы (ҚҰ), «Жасыл ел» Республикалық штабы (Рш) және т.б. Сонымен қатар барлық аудандарда балалар мен жастардың, жасөспірімдердің патриоттық сезімдерін қалыптастыру мақсатында балалар мен жастар құрылымдары кездеседі. Олардың ішіндегі ең ірілері: «Жұлдыз» (Ақмола облысы), «Болашақ», «Ұлан», «Айналайын» (Қарағанды облысы), «Шұғыла» (Ақтөбе облысы), «Мұрагер» (Қостанай облысы), «Достар» (Жамбыл облысы), «Жайық жастары» (Батыс Қазақстан облысы), «Жасыл мемлекет» (Оңтүстік Қазақстан облысы) және т.б. /3; 94–97/.

Қазіргі кезде қосымша білім беру орындарында патриоттық тәрбие жетекші орын алады. Жылдан жылға әскери-патриоттық орталықтар, клубтар мен ұйымдардың әлеуметтік – педагогикалық рөлі артып келеді. Мұндай қосымша білім беру орындарында, әсіресе ер балалар арасында қажеттіліктер ұдайы өсіп отырады.

Жастардың патриоттық тәрбиесі мәселелері мен мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру жөніндегі әлеуметтік-зерттеу қызметі 2003 жылдан бастап Қазақстан жастар Конгресі мен Қазақстан Альянс студенттерімен қоса әр түрлі жастар бірлестіктері мен ұйымдарын, Қазақстан жастар институтынан бастап, қалыптастыра бастады.

ЖОО-да Студенттік өзін-өзі басқару (СӨӨБ) білім алушы студенттердің ой-пікірлері мен қажеттіліктерін ашық айтуға негізделген. Сондай-ақ, бұл студенттердің жоғарғы оқу орнында білім алу кезіндегі кез-келген мәселені шешуге бағытталған әрі өз тағдырына бейтарап қарай алмайтын белсенді тобының өзара бірлескен іс-әрекеті.

Жоғарғы оқу орындарында білім алатын қазіргі жастар көз жетерлік болашақта қоғамның саяси, экономикалық және ғылыми элитасын қалыптастырады. Сондықтан қазақстандық қоғам дамуының табысы жастардың жеке тұлға ретінде қалай бейімделуіне, қазақстандық мәдениеттің, тарихтың қандай құндылықтары оның тұлғасының дүниетанымдық өзегін құрайтынына, оның азаматтық жауапкершілігінің деңгейі қандай болатындығына байланысты.

Осы жағдайларда жастарды тәрбиелеудің рөлі мен мәні, оның рухани дүниесі артады. Осы процестің маңызды басымдығының бірі жастарды патриоттық тәрбиелеу, оларда белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру және оның өзінің болашағы мен өз елінің болашағы үшін жауапкершілігін мойындау болып табылады.

Студент жастарды тәрбиелеу қоғамдық тарихи заңды құбылыс болып саналады, ол қоғамның тұтастай сақталуы мен даму талаптарына жауап береді, қазақстандық жастарды патриоттық тәрбиелеуді Қазақстанда жетілдіруші процестердің табыс факторы ретінде қарастыру қажет. Осылайша, жастарды патриоттық тәрбиелеу мәселесі жеткілікті түрде ғылыми-практикалық маңызы бар өзекті мәселе болып көрінеді /4/.

Патриоттық тәрбиенің теориялық дайындамалары Г. Спенсердің, И.Г. Песталоццидің, И.Ф. Герbartтың, ал XX ғасырда – М. Монтессори, Г. Кершенштейнердің еңбектерінде бейнеленеді.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстандық патриотизм теориясының дамуына, оның қалыптасу өзіндігінде, «қазақстандықтар», «Қазақстан халқы» деген ұғымды негіздеуге айтарлықтай үлес қосу фактысын атап өтпеуге болмайды.

Біздің мемлекетіміз үшін берілген тақырыптың маңыздылығы, бүгінгі таңда Қазақстанда патриотизм мәселелері, мемлекеттік сәйкестігі, патриоттық тәрбиені қалыптастыру бойынша ғылыми журналдарда да, сондай-ақ мерзімдік баспаларда да жарияланымдардың айтарлықтай саны болуына ықпал етті. Берілген мәселе Ш. Әміралиев, А. Айтақов, Ж. Алтаев, С. Ешімханов, Ж.Т. Елемесов, А.Р. Жұмақанов, К.Б. Жарықбаев, Е. Жұматаева, С.Т. Иманбаева, К. Құнантаева, М.К. Қозыбаев, Ж. Қасымбаев, А. Қасабеков, Д.С. Құсайынова, Н.А. Мінжанов, А. Нысанбаев, Д. Раев, Т. Тұрлығұлов, Б.У. Үрбісінова, Н. Мұқанов, А. Щер-

баков, Л. Бақаев, К. Серікбаев, С. Нұрмағанбетов, А. Тасболатов және т.б. сияқты қазақстандық ғалымдар еңбектерінде бейнеленген. Алайда жеткілікті түрде ұланғайыр библиографияға қарамастан қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың теориялық негіздерін, сондай-ақ азаматтарды патриоттық тәрбиелеуді ұйымдастырудың ғылыми негізделген концептуалдық тәсілдерін жасау өзекті ғылыми-практикалық міндет болып табылады.

Тәрбиелеу процесінің ең маңызды мақсаты жеке тұлғаның анағұрлым маңызды құрылымдық компоненттерін, оның ішінде, құндылықтардың белгілі бір жүйесіне негізделген дүниетанымын құрайтындар жиынтығында көзқарастар жүйесін, сенімін, қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Жеке тұлғаны оқу кезеңінде шартты қалыптастыру, оның дамуы және тәрбиесін үш кезеңге бөлуге болады: ЖОО дейін, ЖОО оқыған және ЖОО кейінгі кезі. Әр кезеңнің өз ерекшеліктері мен жалғасы болады.

Бірінші кезеңде шешуші рөлді отбасы және тәрбиелеудің ұйымдасқан түрлері атқарады, оны ата-аналар мен мамандар, мектеп оқушылары. Педагог – профессионалдар қамтамасыз етеді. Екінші кезеңде отбасы ықпалы біршама әлсірейді соншалық кең болмайды, бірақ қарқынды болады, өзін-өзі тәрбиелеу рөлі күшейеді, жеке тұлғаға студент ұжымының ықпалы артады, тәрбиелеу кәсіптік бағыттылық қасиетін алады. Үшінші кезеңде көбінесе өзін-өзі тәрбиелеумен сипатталады, сыртқы әсер әлсірейді, индивидтің өзіне-өзі іштей ері күшейеді, тегістеу жүреді, жеке тұлғаның ішкі жай – күйі, оның құндылықтарының жүйесі және қатысы өзгереді. Егер бірінші кезең 18 жылға жуық уақытты, екіншісі-5, ал үшіншісі – ЖОО білімін аяқтағаннан кейін өмір бойы қамтиды.

Жоғарғы білім жүйесінің маңызды қызметі оқытумен қатар болашақ маман тұлғасын тәрбиелеу болып табылады. Осы процесте жетекші рөл профессорлық-оқытушылар құрамына, ЖОО қоғамдық ұйымдарына жатады. Мұғалім, оқытушы әрқашан бір мезгілде тәрбиеші болды, бірақ бүгінгі күні тәрбие аға буыннан кіші буынға тәжірибе мен бағалы пікірлерді бір мезгілде бер уретіндегі емес, оқытушылар мен студенттердің олардың бірлескен оқу және оқудан тыс қызметтері аймағында өзара әрекеті ретінде болуы мүмкін және болуы керек.

Студенттерді тәрбиелеу тұтас ұйымдасқан процесс ретінде жалпы заңдылықтар мен принциптерге бағынады, олар тәрбиелік процесс мазмұнына, түрлері мен әдістерін таңдауға, осы процесс субъектілерінің – оқытушылардың, әкімшілік, қоғамдық ұйымдар өкілдерінің және студенттердің ұстанымына әсер етеді. Одан әрі тәрбиелік процесстің барлық белгіленген құрылымдық компоненттеріне тоқтаған жөн.

Жастар ЖОО-на түскен бетте, дүниетаным негіздерін, адамгершілік принциптерін, эстетикалық талғамдар мен мұраттарды қалыптастырумен байланысты әлеуметтендірудің белгілі бір кезеңінен өтетінін ескерген жөн, бірақ, дегенменде, жек тұлға болып қалыптасу процесі аяқталған жоқ.

ЖОО-да тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру оқу, әкімшілік, қоғамдық және өз әрекетіндегі құрылымдардың өзара әрекеттесуі негізінде жүзеге асырылады және қарым-қатынастың барлық деңгейінде: оқу процесінде, оқудан тыс уақытта, тұлға аралық қатынастар процесінде жүреді. Сонымен, оқу – тәрбие процесі – бұл ЖОО-ның білім процесін басқару тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында келесі міндеттерді шешу қажет:

- ЖОО аясында біртұтас гуманитарлық – тәрбие кеңістігін қалыптастыру, әкімшілік, өз әрекетіндегі қоғамдық және басқада ұйымдардың жұмыстарын шоғырландыру;

- студенттердің өзін-өзі басқару бірге басқаруын қолдау жағдайын жасау;

- тәрбиелік процеске ұдайы бақылау жүргізу, кафедралардың, факультеттердің, оқытушылардың, қызметкерлердің, кураторлардың жұмыстарын олардың қызметтерінің тиімділігін бағалай отырып, үнемі талдау;

- студенттердің оқу орнының тіршілігінің барлық салалары бойынша ақпараттық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру.

Сонымен қорыта келе, патриоттық тәрбиелеу белгілі бір тәрбиелік жүйенің қатысуымен жүзеге асады, оған біріншіден, студенттердің жалпы азаматтық және адамдық патриот-

тық идеяларды игеру мүмкіндігі ескерілген мақсаттар мен қызметтер кешені, екіншіден, оқу орындарында, ЖОО тыс және қоғамдық ұйымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында патриоттық тәрбиенің мазмұны мен түрі енеді /5; 49–51/.

Сонымен, жоғарыда айтылып кеткен принциптерді қарастыра келе, студенттер ұжымында студенттер арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттейтін, олардың әрекеттері мен қылықтарына, ұжымның өзіндегі адамгершілік-патриоттық микроклиматқа әсер ететін қоғамдық пікір қалыптасады. Бірлескен ұжым, әрбір студенттің ішкі дүниесі ашылатын өмірлік маңызды орта болып табылады. Ұжымда үздік патриоттық және қоғамдық мүдделердің үйлесуі қалыптасуы мүмкін. Біріккен және дамыған ұжым студенттерді патриоттық тәрбиелеуде белсенді күш болып саналады.

Патриотизмді тәрбиелеу процесінде студенттерде қажеттілік пен осы қасиетке байланысты оң мотивтерді қалыптастыру мен дамыту басты орын алады.

Бәрінен бұрын, студенттерде туған өлкесі туралы білімді және өздері туып өскен жерге, жарқын эмоциялық күйзелістерге толы туған жеріне деген шын берілгендік сезімін қалыптастыру керек. Осылайша, тұлғаның қалыптасуы мен орнығуына байланысты жалпы тәрбие беру процесінің бір бөлігі болып, патриоттық тәрбие жастардың әлеуметтік және рухани толысқан деңгейін ескертетін қоғам ерекшеліктері мен қажеттіліктерінде барынша адекватты көрініс табатын әдістер, формалар, құралдардың кешенділігі мен жүйелілігінің үйлесімін ұсынады.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттік жастар саясаты туралы сөйлеген сөздері «Этносаралық келісім – қазақстандық толеранттылықтың негізі» // Республикалық семинары. Астана, 2013 ж.

2 Патриоттық тәрбие беру моделі (ҚарМТУ тәжірибесінен). – Қарағанды, 2009.

3 Абдрашитова Т.А., Оспанова Я.Н. Азаматтардың патриоттық тәрбиесі бойынша озық тәжірибе: әдістемелік құрал. – Астана, 2009.

4 Жаманбалаева Ш.Е., Сәрсенбекова Г.Ә., Тәжібаева Т.Л. Тәрбие үдерісіндегі куратор – әдвайзердің рөлі мен қызметі: Студенттік топтарда тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар. – Алматы, 2011.

5 Ғазалиев А.М., Есім Ғ., Ферхо С.И., Бұрханов К.Н., Матвеевкова Л.Г. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру: теория және практика. – Қарағанды, 2009.

#### ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

*Жумабаева С.Б., Абдрахманова Ж., Фазылова Г.,*

*Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*

Көп ұлтты Қазақстанды дамытудың маңызды этикалық және демократиялық қағидалары жастардың бойына рухани-адамгершілік тәрбиенің қасиетін дарыту болып табылады. Қоғамдағы өзгерістер салдарынан белгілі болған үрдістер жас ұрпақ өкілдерінің рухани-адамгершілік тәрбиесіне кері әсер етеді. Дүниетанымның өзгерістеріне бейім тұрғындардың ең белсенді бөлігі ретінде жастарды қоғамда және елімізде болып жатқан түрлі үдерістерден сақтап, құндылыққа бағдарлау қажет. Міне сондықтан болашақ педагогтарды оқытуда тәрбие жұмысы әр бағытта жоспарланып тиіс

Кафедраның тәрбие жұмысы келесідей принциптерді басшылыққа ала отырып құрылады:

- ғылымилық, жүйелілік, тәрбие жұмысының сабақтастығы және үздіксіздігі;
- студент жастардың құқықтары мен бостандығының сақталуы;
- оқыту мен тәрбиелеудің біртұтастығы, оқудың өмірмен және қоғаммен байланысы;
- жынысына, ұлтына, әлеуметтік жағдайы мен жасына қарамастан барлық студент